

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҢАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

Халықаралық монетарлық жүйе

4-тарау. Халықаралық қаржы жүйесі



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 4. Халықаралық қаржы жүйесі

Дәріс: 14. Халықаралық монетарлық жүйе

Алтын стандарты

Алтын стандарт алтынды айырбастау құралы, құндылықты есепке алу және сақтау бірлігі ретінде пайдалану – ежелгі дәуірге жататын тәжірибелерден бастау алады. Халықаралық сауда көлемі бойынша шектелген кезде, басқа елден сатып алынған тауарларға төлемдер, әдетте, алтыннан немесе күмістен жасалып отырған. Өнеркәсіптік революциядан кейін халықаралық сауданың көлемі кеңейтіле бастаған кезде халықаралық сауданы қаржыландырудың неғұрлым қолайлы тәсілі қажет болды. Әлемдік сауда-саттықты қаржыландыру үшін бүкіл әлем бойынша алтынның және күмістің көп мөлшерін жеткізу пайдалы емес еді. Қабылданған шешім қағаз валютасында төлемді ұйымдастыру және үкімет қағаз валютаны сұранысқа ие болған жағдайда тиянақталған бағам бойынша алтынға айналдыру туралы келісуінен құралды.

Алтын стандартының әдістері

Валютаны алтынға айырбастау және айырбастауды кепілдендіру алтын стандарты ретінде белгілі. 1880 жылы әлемнің негізгі сауда елдерінің көпшілігі, соның ішінде Ұлыбритания, Германия, Жапония және Құрама Штаттары алтын стандарттарын қабылдады. Жалпыға ортақ алтын стандарттарын ескере отырып, кез келген валютаның басқа валютаға қатысты құнын анықтау оңай болды. Мысалы, алтын стандарты бойынша бір АҚШ доллары 23,22 дана «жақсы» алтын мөлшеріне теңелді. Осылайша, теория бойынша, АҚШ үкіметінен бір долларға 23,22 дана алтын түйірін айырбастауды талап ете алады. Себебі бір унцияда 480 алтын түйірі бар болғандықтан алтынның бір унциясы \$20,67 тең. Алтынның бір унциясын сатып алу үшін қажетті валютаның сомасы алтынның номиналды құны деп аталады. Британдық фунт 113 жақсы алтын түйіріне бағаланды. Басқаша айтқанда, алтынның бір унциясы 4,25 фунтқа тең. Алтынның фунт пен долларлардағы мәнінен долларды фунтқа айырбастау бағамын анықтауға болады; бұл £1=\$4.87 болды.

Алтын стандартының беріктігі

Алтын стандартының беріктігі барлық мемлекеттердің сауда балансының тепе-теңдігіне қол жеткізудің күшті механизмін қамтиды. Мемлекет резиденттерінің экспорттан түскен табысы оның резиденттері басқа елдерге импортқа төлейтін ақшаға тең болғанда мемлекет балансы тепе-теңдікте болады деп айтады. Әлемде тек екі ел Жапония мен Құрама Штаттары ғана бар деп болжайық. Жапония АҚШ-тан импорттағаннан гөрі АҚШ-қа көбірек экспорттайтындықтан, сауда балансының артықшылығын қарастырайық. Жапондық экспорттаушылар жапондық банкте иенаға айырбастайтын американдық доллармен төлем жасайды. Жапондық банк американдық үкіметке долларды жіберіп, орнына алтынды төлеуді талап етеді. Алтын стандарты бойынша, Жапонияның сауда балансында артықшылық болған кезде, алтынның АҚШ-тан Жапонияға таза ағымы орын алады. Бұл алтын ағымдары АҚШ-тың ақша ұсынысын автоматты түрде төмендетеді және Жапонияның ақша ұсынысын арттырады. Ақша массасының өсуі Жапонияда бағалардың өсуіне алып келеді, ал АҚШ-тың ақша массасының төмендеуі АҚШ бағасын төмендетеді. Жапон тауарларының бағасының өсуі осы тауарларға деген сұранысты төмендетеді, ал АҚШ тауарларының бағасының төмендеуі осы тауарларға деген сұранысты арттырады. Осылайша, Жапония Америка Құрама Штаттарынан сатып алуды көбейтеді, ал Құрама Штаттары Жапониядан сатып алуды азайтады, бұл сауда балансында тепе-теңдік орын алғанға дейін жалғасады. Бұл реттеу механизмі соншалықты қарапайым және тартымды болып көрінеді, тіпті алтын стандарты түпкілікті құлдырағаннан бері 80 жыл өтсе де, кейбір адамдар әлем алтын стандартына қайта оралу керек деп санайды.



Бреттон Вудс жүйесі

1944 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың шиеленіскен кезінде 44 елдің өкілдер Нью-Хэмпшир штатындағы Бреттон-Вудсте жаңа халықаралық валюта жүйесін құру мақсатында кездесті. Алтын стандартының құлдырауы мен 1930-жылдардағы Ұлы Депрессияның салдарынан, бұл мемлекет қайраткерлері соғыстан кейінгі экономикалық өсуді жеңілдететін тұрақты экономикалық тәртіп құруға бел байлады. Тиянақталған айырбас бағамдары қолайлы болады деген келісімге қол жеткізілді. Сонымен қатар, конференция қатысушылары 1930-жылдардағы мәнсіз бәсекелестік құнсызданудан құтылғылары келді және алтын стандарты оны қамтамасыз ете алмайтындығын мойындады. Алтын стандартының негізгі проблемасы, көпұлтты институттардың ешқайсысы мемлекеттердің бәсекелік девальвацияға қатысуына кедергі жасай алмайтындығы болды.

Бреттон-Вудстың қол жеткізген келісінде екі халықаралық ұйым – Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) және Дүниежүзілік Банк құрылды. ХВҚ-ның міндеті халықаралық ақша-несие жүйесінде тәртіпті сақтау болып табылады және Дүниежүзілік банкке жалпы экономикалық дамуды ынталандыру міндеті қойылды. Сондай-ақ Бреттон Вудс келісінде ХВҚ мен бақыланатын тиянақталған валюта бағамы жүйесіне үндеу байқалады. Келісімге сәйкес, барлық елдер өздерінің валюталарын алтын құнын бекітуі керек еді, бірақ олардың валюталарын алтынға айырбастау міндетті емес. Тек доллар ғана бір унция үшін \$35 бағасымен алтынға айырбасталынатын болып қалды. Әрбір ел өзінің айырбас бағамы долларға қатысты болуын қалады, содан кейін таңдалған доллар бағамының негізінде валютадағы алтынның номиналды құнын есептеді. Барлық қатысушы елдер валютаның құндылығын валютаны сатып алу немесе сату арқылы номиналды құнынан 1% шегінде ұстап тұруға тырысуға келісті. Мысалы, егер валюталық дилерлер ел валютасын сұраныстан артық мөлшерде ұсынатын болса, онда бұл елдің үкіметі валюта нарығына араласып, сұранысты қалыптастыру мен алтын құнын ұстап қалу мақсатында өз валютасын сатып алады.

Бреттон-Вудс келісімінің тағы бір қыры девальвацияны бәсекелік сауда саясатының құралы ретінде пайдаланбау міндеттемесі болды. Дегенмен егер валюта тым әлсіз болса, ХВҚ-ның ресми келісімінсіз 10%-ға дейін девальвацияға рұқсат етілді. Үлкен девальвациялар ХВҚ-ның рұқсатын талап етті.

ХВҚ-ның рөлі

ХВҚ-ның келісім мақалалары әлемдік қаржы құлдарудың, бәсекелік құнсыздандудың, саудадағы соғыстардың, жұмыссыздықтың жоғары деңгейінің, Германиядағы және басқа мемлекеттердегі гиперинфляцияның, сондай-ақ екі дүниежүзілік соғыс арасында орын алған жалпы экономикалық дезинтеграцияның әсерін қамтыды. Маңызды орындаушысы ХВҚ болып табылатын Бреттон-Вудс келісімінің негізгі мақсаты тәртіпті және икемділікті үйлестіру арқылы осы хаостың қайталануын болдырмау болды.

Тәртіп

Тиянақталған валюта бағамы режимі тәртіпті екі жолмен белгілейді. Біріншіден, тұрақты айырбас бағамын ұстап тұру қажеттілігі бәсекелестік девальвацияны тежейді және әлемдік сауда ортасына тұрақтылық алып келеді. Екіншіден, тиянақталған валюта бағам режимі елдер бойынша ақша тәртібін белгілейді, осылайша бағалық инфляция деңгейін төмендетеді. Мысалы, егер Ұлыбритания фунтты басып шығару арқылы ақша массасын тез арада арттырса, онда тиянақталған валюта бағамы режимі бойынша не болатыны ойланып көріңіз. Тиянақталған айырбас бағамдарын ескере отырып, инфляция британдық тауарларды әлемдік нарықта бәсекеге қабілетсіз етеді, ал Ұлыбританиядағы импорт бағалары қымбаттайды. Нәтижесінде



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 4. Халықаралық қаржы жүйесі

Дәріс: 14. Халықаралық монетарлық жүйе

Ұлыбританиядағы сауда тапшылығының орын алады, ал ел экспортқа қарағанда әлдеқайда көп импорттайды. Осы саудалық теңсіздікті тұрақты айырбас бағамы режимінде реттеу үшін, Ұлыбритания инфляцияны төмендетуі ақша массасының өсу қарқынын шектеуі керек еді. Осылайша, тиянақталған айырбас бағамдары инфляцияны бақылау және мемлекеттерге экономикалық тәртіпті енгізу механизмдері ретінде қарастырылады.

Икемділік

Қаржылық тәртіп Бреттон Вудс келісімінің басты мақсаты болғанымен, тиянақталған валюта бағамдарының қатаң саясаты тым икемсіз болатыны мойындалды. Ол, алтын стандарты сияқты істен шығып қалуы мүмкін. Кейбір жағдайларда, елдің ақша массасының өсуін азайту және төлем балансының тапшылығын түзету әрекеттері мемлекеттің құлдырауын және жұмыссыздықты жоғары деңгейін тудыруы мүмкін. Бреттон-Вудс келісімінің негізін қалаушылар жоғары жұмыссыздықтан аулақ болғылары келді, сондықтан олар жүйеге шектеулі икемділік қойды. ХВҚ келісімінің баптарының екі негізгі ерекшелігі осы икемділікке ықпал етті: ХВҚ-ның несиелері және реттелетін паритеттер.

Төлем балансының қысқа мерзімді тапшылығын ретке келтіру мақсатында ХВҚ мүшелеріне шетел валютасын несие беруге дайын, ақшалай немесе фискалдық саясатты тездетіп қатаңдату, отандық жұмысбастылыққа зиян тигізуі мүмкін. ХВҚ мүшелерімен енгізілген алтын және валюта пулы осы несие беру операциялары үшін ресурстарды қалыптастырды. Төлем балансындағы тұрақты тапшылық елдегі валюталық резервтердің сарқылуына алып келуі мүмкін, бұл валютаның құнсыздануын мәжбүрлейді. Тапшылығы жоғары мемлекеттерге қысқа мерзімді валюталық қарыздар беру арқылы ХВҚ-ның қаражаты мемлекеттерге инфляция деңгейін төмендетуге және төлем балансының тапшылығын азайту үшін уақыт ұтуға мүмкіндік береді. Мұндай несиелер девальвацияға қысым жасауды азайтады, сонымен қатар реттелген және ауыртпалықты аз түзетулерге мүмкіндік береді деп болжанған.

Валюталық басқару, бизнес стратегиясы және үкімет байланыстары

Осы дәрістерде талқыланған материалдардың халықаралық бизнес үшін салдары үш басты бағытқа бөлінеді: валюталық басқару, бизнес стратегиясы және корпоративтік-үкіметтік қатынастар.

Валюталық басқару. Қазіргі жүйе – бұл мемлекеттік араласу мен валюта нарығындағы айырбасты ынталандыруы мүмкін алыпсатарлық қызметтің үйлескен аралас жүйесі болып табылады. Валюталық маңызды қызметті жүзеге асыратын компаниялар бұл туралы білуі керек және өздерінің валюталық операцияларын тиісінше түзетеді. Мысалы, Caterpillar компаниясының валюталық басқару бөлімшесі, Accord Plaza хабарландыру жасағаннан кейінгі бірнеше сағат ішінде долларды сатып, үкіметтің араласуынан кейін валюта нарығында бағаланатын валюталарды сатып алу арқылы миллион доллар жасағанын айтады. Осы жүйе бойынша валютаның спекулятивтік сатып алуы мен сатылуы валютаның айырбас бағамдарының тұрақсыздығына алып келуі мүмкін. Сатып алу қабілеті теориясының болжауы бойынша, 1980 және 1990 жылдардағы айырбас бағамының өзгерістері салыстырмалы инфляция деңгейіне тәуелді болмады. Құбылмалы айырбас бағамдары валюталық тәуекелді арттыратындықтан, бұл бизнес үшін жақсы жаңалық емес. Екінші жағынан, валюта нарығы валюталық тәуекелге қарсы тұруға көмектесетін форвард нарығы және своптар сияқты бірқатар құралдарды әзірледі. Бұл құралдардың қолданысы 1973 жылы Бреттон-Вудс жүйесі жойылғаннан кейін айтарлықтай өскені таңғаларлық емес.

Бизнес стратегиясы. Қазіргі жаһандық айырбас бағамы режимінің құбылмалылығы халықаралық бизнес үшін күрделі мәселе болып табылады. Валюта бағамдарының қозғалысын болжау қиын, алайда олардың қозғалысы бизнестің бәсекелестік жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Толық мысал үшін, Airbus-қа арналған басқару фокусын қараңыз. Валютаның



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 4. Халықаралық қаржы жүйесі

Дәріс: 14. Халықаралық монетарлық жүйе

Болашақ құндылығы туралы белгісіздікке тап болған фирмалар ол қолданған форвардтық айырбас нарығын пайдалана алады. Алайда форвардтық айырбас нарығы болашақ айырбас бағамдарының жақсы болжаушысы емес. Болашақта бірнеше жылдар ішінде болатын валюта бағамының өзгеруін сақтандыруды қамтамасыз ете алмау қиын болып табылады. Форвардтық нарық алдағы жылдарға емес бірнеше айдың ішіндегі валюта бағамының өзгеруін қамтамасыз етуді көздейді. Осыны ескере отырып, күтілетін айырбас бағамдарының өзгеруіне байланысты компанияның стратегиялық икемділігін арттыратын стратегияларды жүзеге асыру маңызға ие, яғни фирманың экономикалық әсерін төмендететін стратегиялар.

Стратегиялық икемділікті қолдау валютаның құбылуын нақты хеджирлеу ретінде өндірісті бүкіл әлем бойынша әртүрлі жерлерде дисперсиялау нысанын қарастыруы мүмкін. Германияның Daimler-Benz экспортқа бағдарланған автокөлік және аэроғарыш компаниясының жағдайын қарастырайық. 1995 жылдың маусым айында компания неміс бизнес қауымдастығын 1995 жылы шамамен 720 млн шығынға ұшырайтынын жариялап, таңғалдырды. Себебі 1995 жылдың басынан бастап негізгі валюталар қоржынына қатысты 4%-ға бағаланған және 1994 жылдың соңынан бастап АҚШ долларына қарағанда 30%-дан астамға көтерілген Германияның мықты валютасы болды. 1995 жылдың ортасына қарай $1\$ = 1.38DM$ болды. Daimler басшылығы $1\$ = 1.38DM$ айырбас бағамынан төмен көрсеткіш кезінде ақша табу мүмкін емес деп санайды. Компанияның бас менеджерлері марканың долларға қатысты бағамы тұрақты деп тұжырымдады, сондықтан олар Германиядан тыс елеулі өндірісті жылжытуды және шетел компоненттерін сатып алуға шешім қабылдады. Компания идеясы валюта бағамындағы болашақтағы өзгерістерге компанияның осалдығын төмендету болды. 1998 жылы Chrysler корпорациясын сатып алғанға дейін Mercedes-Benz бөлімшесі 2000 жылға қарай өз автомобильдерінің 10%-ын Германиядан тыс жерлерде, негізінен Құрама Штаттарда, өндіруді жоспарлаған. Сонымен қатар Жапон автомобиль компаниялары Құрама Штаттары мен Еуропада өнімділігін арттыру үшін жасаған қадамын иен құнының артуынан көреміз, бұл 1985–1995 жылдары жапон экспортының бағасын көтерген. Жапондық компаниялар үшін, шетелде өндіріс қуатын ұйымдастыру иеннің бағалануынан хеджирлеу болды.

Стратегиялық икемділікті қалыптастырудың және экономикалық әсерді азайтудың тағы бір тәсілі өндіріс келісімшартын жасау. Бұл компанияға валюта бағамының құбылуынан туындаған салыстырмалы шығындардың өзгеруіне байланысты жеткізушілерді елден елге ауыстыруға мүмкіндік береді. Дегенмен мұндай стратегия тек төмен қосылған құн өндіріс үшін ғана жұмыс істей алады, онда жеке өндірушілердің өнімнің құндылығына үлес қосатын нақты дағдылары жоқ. Бұл жоғары технологиялы және дағдылары өнімнің құндылығына әсер ететін және коммутациялық шығындар тиісті түрде жоғары болып табылатын қосылған құны жоғары өндіріс үшін тиімсіз болуы мүмкін. Жоғары қосылған құн бойынша өндіріс үшін жеткізушілерді ауыстыру қосылатын құнның төмендеуіне алып келеді, ол айырбастау бағамының ауытқуына байланысты кез келген шығындарды өтей алады.

Менеджмент мысалы

Airbus және Евро

Airbus-тың 2003 жылы мерекелеуге себептері болды; Компания тарихында алғаш рет көпжылдық бәсекелес Boeing-ке қарағанда коммерциялық көп реактивті ұшақтарын жеткізді. 2003 жылы Airbus Boeing-тің 281-іне қарағанда 305 ұшақты апарды. Алайда бұл мерекелеу көпке созылмады, себебі АҚШ долларына қатысты евроның күшеюі компанияның болашағын томсартты. Францияның Тулуза қаласында орналасқан Airbus, Boeing сияқты, ұшақтарын АҚШ долларында сатады. Бірақ Airbus шығындарының жартысынан астамы еврода шоғырланады. Доллар еуроға қатысты құнсызданып, 2002 жылдан басынан 2009 жылдың соңына дейін 50%-ға дейін төмендеуімен байланысты, «Airbus» компаниясының шығыны оның кірісіне қарағанда өсіп, осы процесс пайданы қысқартты.

Қысқа мерзім аралығында еуроға қатысты доллар құнының құлдырауы Airbus-қа зиян тигізбеді. Компания өзінің 2005 жылғы долларлық тәуекелді толықтай хеджерлеп қойған,



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 4. Халықаралық қаржы жүйесі

Дәріс: 14. Халықаралық монетарлық жүйе

негізінен 2006 жылға да жоспарлаған. Алайда еуроға қатысты доллар әлсіз болып қалады деген оймен, Airbus еуропалық валютаның экономикалық әсерін төмендету үшін басқа қадамдар жасай бастады. Boeing компаниясының күшті бәсекелестігін ескере отырып бағаны көтеру тиімсіз екенін мойындап, Airbus өз шығындарын азайту шешімін қабылдады. Бұл шешімге қадам ретінде Airbus американдық жабдықтаушыларға A380 superjumbo және A350 сияқты жаңа ұшақ модельдері бойынша жұмыстың үлкен үлесін берді. Ол сондай-ақ, бірқатар ескі модельдер бойынша жеткізу жұмыстарын еуропалық жабдықтаушылардан американдықтарға ауыстырды. Бұл доллардағы шығындарды арттырады, табыстардың еуро құнының өсуіне икемділігін төмендетеді және еуроға қайта айналдырылған кезде әуе кемелерін жасау шығындарын азайтады. Сонымен қатар, Airbus еуропалық жеткізушілерінің бағаларын АҚШ долларымен белгілеуге итермелейді. Көптеген жеткізушілердің шығындары жеткізушілерді АҚШ долларымен баға белгілеуді бастауға мәжбүр етіп жатыр. Көбінің шығындары еуроға байланысты болғандықтан, жеткізушілер Airbus талаптарын орындау үшін, олар жұмыстарын АҚШ-та немесе валютасы АҚШ долларында белгіленген мемлекеттерде жүргізуге тура келеді. Осылайша, француздық ірі жеткізуші Zodiac, Құрама Штаттарда сатып алуды қарастырғаны туралы жариялады.

Airbus компаниясы жеткізушілерден коммерциялық реактивті әуе кемелеріне арналған бағаларды АҚШ долларында болуын талап етіп қана қоймай, сонымен қатар компания еуропалық үкіметтерге сатылатын және еуроға бағаланатын әскери ұшақтың A400M бағдарламасын жеткізушілерінен бағалы компоненттерін АҚШ долларымен бағалауды талап етеді. Бұл стратегия көптеген жылдар бойы мағынаға толы болғанымен, 2014–2015 жылдар аралығындағы Airbus қарсы жүзеге асты, себебі доллар құны еуроға қатысты өсе бастады.

ХВҚ мен Дүниежүзілік банктің қазіргі халықаралық валюта жүйесіндегі рөлі де бизнес-стратегияға әсер етеді. Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) елеулі қарыздар алуға ұмтылған мемлекеттер қамтамасыз ететін макроэкономикалық саясатты қабылдауын талап ете отырып, әлемдік экономиканың макроэкономикалық полициясы ретінде әрекет етіп келе жатыр. Бұл саясат әдетте инфляцияға қарсы ақша-несие саясатын және мемлекеттік шығыстарды қысқартуды қамтиды. Қысқа мерзімде бұл саясат әдетте сұраныстың күрт қысқаруына әкеледі. Мұндай елдерде саудамен айналысатын немесе өндіретін халықаралық компаниялар бұл туралы білуі және тиісінше жоспарлауы керек. Ұзақ мерзімді перспективада ХВҚ енгізген саясаттың түрі экономикалық өсуге және сұраныстың кеңеюіне жәрдемдесіп, халықаралық бизнеске мүмкіндік жасайды.

Корпоративтік-үкіметтік қатынастар

Халықаралық сауда және инвестициялық ортадағы негізгі ойыншылардың бірі ретінде бизнестер халықаралық валюта жүйесінің мемлекеттік саясатына әсер етуі мүмкін. Мысалы, американдық экспорттаушылардың қарқынды үкіметтен көмек сұрауы американдық үкіметке валюталық нарыққа араласуы қажеттілігіне көз жеткізді. Осыны ескере отырып, бизнес халықаралық сауда мен инвестициялардың өсуіне ықпал ететін халықаралық валюта жүйесін көтермелеу үшін өз ықпалын қолдана алады және қолдануы керек. Тиянақты немесе құбылмалы валюта бағамының қайсысы оңтайлы деген сұрақ пікірталас тақырыбы болып табылады. Алайда айырбас бағамының құбылмалылығы, мысалы, 1980–1990 жылдардағы әлемдік тәжірибедегі, халықаралық сауда мен инвестицияларға, тұрақты валюта айырбас бағамымен салыстырғанда, қолайсыз жағдай жасайды. Осылайша, халықаралық бизнестің мүддесі валюта бағамының ауытқуларын барынша азайтатын халықаралық валюталық жүйені дамытуға бағытталған болып табылады.

Түйін

Бұл дәрісте халықаралық валюта жүйесінің жұмысын түсіндіріп, халықаралық бизнестегі салдарын көрсетеді. Мынадай негізгі мәселелер қарастырылды:



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 4. Халықаралық қаржы жүйесі

Дәріс: 14. Халықаралық монетарлық жүйе

1. Алтын стандарты – бұл валюталар алтынға бекітілген және алтынның айырбасталуына кепілдік беретін ақша стандарттары. Алтын стандартында барлық елдердің төлем теңгерімдерінің тепе-теңдігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін автоматты механизмінен тұрады деп есептелді. 1930-жылдары алтын стандарты бәсекелестік девальвациядағы мемлекеттер сияқты құлдырады.

2. Бреттон-Вудс тиянақталған валюта бағамдар жүйесі 1944 жылы құрылды. АҚШ доллары осы жүйенің негізгі валютасы болды; әрбір басқа валютаның құны оның құнына тіркелді. Айырбас бағамын айтарлықтай девальвациялау ХВҚ рұқсатымен ғана жүргізілді. Оның рөлі 1930-жылдардағы бәсекелестік девальвациясын қайталануын болдырмау үшін халықаралық валюта жүйесіндегі тәртіпті сақтау және елдерде ақша тәртібін белгілеу арқылы бағалық инфляцияны бақылау.

3. 1973 жылы ең алдымен долларға алыпсатарлық қысым мен АҚШ инфляциясының және американдық сауда тапшылығының өсуі салдарынан тиянақталған айырбас бағамының жүйесі құлдырады.

4. 1973 жылдан бастап әлем құбылмалы айырбас бағамы режимінде жұмыс істеп келеді, ал айырбас бағамдары құбылмалы және әлдеқайда болжамды болды. Ұзақ мерзімді айырбас бағамының тұрақсыз өзгеруі тиянақталған және құбылмалы жүйелердің құндылығы бойынша пікірталастардың қайта жандануына ықпал етті.

5. Құбылмалы айырбас бағамы режиміне қатысты жағдай мұндай жүйе елдердің ақша-несие саясатына қатысты дербестігін береді және құбылмалы айырбас бағамдары сауда теңсіздігін біркелкі түзетуге мүмкіндік береді.

6. Тиянақталған айырбас бағамына қатысты жағдай тұрақты валюта бағамын ұстап тұру қажеттілігі елде ақша тәртібін белгілейді; құбылмалы айырбас бағам режимдері алыпсатарлық қысымға әлсіз болып келеді; құбылмалы айырбас бағамымен ұштасатын белгісіздік халықаралық сауда мен инвестициялардың өсуін нашарлатады; және сауда теңсіздігін түзету мақсатында валюталық нарықтағы құнсыздандыру инфляцияға алып келеді.

7. Қазіргі халықаралық валюталық жүйеде кейбір елдер құбылмалы айырбас бағамдарын қабылдады; кейбіреулер өз валютасын басқа валютаға бекітті, мысалы, АҚШ доллары; ал кейбіреулері өз валютасын басқа валюталар қоржынына бекітті.

8. Бреттон-Вудтан кейінгі дәуірде ХВҚ елдерге қаржылық қиындықтардан өтуге көмек көрсетуде маңызды рөл атқарды.

9. Маңызды пікірталас ХВҚ мақұлдаған макроэкономикалық саясаттың орындылығына байланысты. Сыншылар ХВҚ несие алушы болып табылатын дамушы елдер үшін лайықсыз шарттарды талап етеді деп айыптайды.

10. Ағымдағы валютаның басқарылатын-құбылмалы жүйесі халықаралық бизнестегі валюталық реттеудің маңыздылығын арттырды.

11. Ағымдағы валютаның басқарылатын-құбылмалы жүйесі аясындағы айырбас бағамдарының құбылмалылығы мүмкіндіктер мен қауіптер қалыптастырады. Бұл құбылмалылыққа жауап берудің бір жолы – компанияларға стратегиялық икемділік пен дисперсиялау арқылы экономикалық әсерді шектеуге мүмкіндік беру және басқа да құралдар енгізу.